

## **Махамбет аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 қаңтардағы № 318 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 қаңтарда № 4336 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 2-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Махамбет аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Махамбет аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін (Г. Уразғалиева).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс  
36-сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Қабенов*

*М. Мырзашев*

*Аудандық мәслихаттың  
2019 жылғы 22 қаңтардағы  
№ 318 шешіміне қосымша*

## **Махамбет аудандық мәслихатының күші жойылған шешімдердің тізбесі:**

1. "2018 – 2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №198 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4034 санымен тіркелген, 2018 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

2. "Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №198 "2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 28 наурыздағы №214 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4111 санымен тіркелген, 2018 жылғы 18 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

3. "Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №198 "2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 26 маусымдағы №247 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4202 санымен тіркелген, 2018 жылғы 20 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

4. "Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №198 "2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 14 қыркүйектегі №266 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4243 санымен тіркелген, 2018 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

5. "Махамбет аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №198 "2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 28 қарашадағы №284 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4278 санымен тіркелген, 2018 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

6. "2018–2020 жылдарға арналған ауылдық округтердің бюджеттері туралы" аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №203 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4042 санымен тіркелген, 2018 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі

7. "Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №203 "2018–2020 жылдарға арналған ауылдық округтердің бюджеттері туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 30 наурыздағы №229 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4129 санымен тіркелген, 2018 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі

8. "Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №203 "2018–2020 жылдарға арналған ауылдық округтердің бюджеттері туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 28 маусымдағы №255 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4203 санымен тіркелген, 2018 жылғы 20 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі

9. "Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №203 "2018–2020 жылдарға арналған ауылдық округтердің бюджеттері туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 1 қарашадағы №276 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4270 санымен тіркелген, 2018 жылғы 12 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі

10. "Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №203 "2018–2020 жылдарға арналған ауылдық округтердің бюджеттері туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 4 желтоқсандағы №290 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4284 санымен тіркелген, 2018 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК